

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ БИЛІГІ ДӘСТҮРІНІҢ ЖАЛҒАСЫ РЕТІНДЕ (ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗСТАН ТӘЖІРИБЕЛЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)*

¹Исаева М.И., ²Булуктаев Ю.О., ³Чермухамбетов Е.Н., ⁴Асилов Н.Т.*

^{1,2,3}ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану университеті (Алматы, Қазақстан)

⁴Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті (Астана, Қазақстан)

¹issayevameiramkul@gmail.com, ²buluktaev49@mail.ru, ³erlan_chen@mail.ru,

⁴asil.757575@mail.ru

¹Issayeva M.I., ²Buluktaev Yu.O., ³Chermukhambetov E.N., ⁴Assilov N.T.*

^{1,2,3}Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies
of the CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)

⁴National Defense University of the Republic of Kazakhstan, (Astana, Kazakhstan)

¹issayevameiramkul@gmail.com, ²buluktaev49@mail.ru, ³erlan_chen@mail.ru,

⁴asil.757575@mail.ru

Аңдатпа. Құрылтай – көптеген ғасырлар бойы алқалық сипаттағы тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін мемлекеттік институт ретінде демократияның көрінісі болып табылады. Құрылтай ескі түркі мемлекеттерінің тарихында ел өмірінің маңызды мәселелерін қарастыратын кеңес болды. Ғұн мемлекеті дәуірінен бастау алған бұл Мәжіліс ғасырлар бойы түркі тілдес мемлекеттерде елдегі маңызды мәселелерді шешу үшін шақырылатын бекзаттарының жиыны ретінде қызмет атқарды.

Мақаламызда Құрылтайдың ежелгі түркі билігі дәстүрінің жалғасы ретінде қазіргі заманғы қызметі туралы баяндалады. Кеңестер Одағынан тәуелсіздік алған республикалар мемлекеттілігін қалыптастыру бағытында түрлі реформалар жүргізе бастады. Бұл реформалардың негізгі бағыттарының бірі ескі құндылықтарды қайта жаңғырту болса, Құрылтайдың құрылуы – ескі түркі мемлекеттерінің ел билігіндегі дәстүрді жалғастырудың бір көрінісі болып табылады. Мақалада, Қазақстан Республикасының Ұлттық Құрылтайы және Қырғыз Республикасының Халық Құрылтайының құқықтық статусы, құрамы және қызметтеріне салыстырмалы талдау жасалынады.

Түйін сөздер: Құрылтай, Ұлттық Құрылтай, Халық Құрылтайы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Заң, Ереже.

Kіріспе

Құрылтай ең алғаш рет б.з.д. 220 жылы Ғұндардың басшысы болған Қаған биілігі кезеңінде пайда болып [1, 124], жалғасы Көктүрік мемлекетінде,

* Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым Комитетімен қаржыландырылған (№BR21882909 Қазақстандағы бұқаралық санаға ақпараттық-идеологиялық ықпалдар тәуекелдер мен мүмкіндіктер)

*Автор-корреспондент - Асилов Н.Т. asil.757575@mail.ru

кейіннен Шыңғыс хан жаулап алған ұлыстарда билігін заңдастыру үшін ғана емес, сонымен бірге сол ұлыстарда қалыптасқан әдет-ғұрыптар, заңдар мен ережелерін қарастыру үшін құрылтай жиынын өткізген [2, 366]. Бұл дәстүр Қазақ хандығы тұсында ханның кеңесші және заң шығарушы орган қызметін атқаратын мәжіліс ретінде жалғасын тапты. Қазақ хандығы кезеңінде жылына бір рет жиналатын Құрылтайда жүз билері, рубасылары, сұлтандар халықтың жалпы хал-ахуалын, хандықтың ішкі және сыртқы саясатын талқылайтын, заңдардың дұрыс орындалуын талдайтын, сондай-ақ қажет болған жағдайда жаңа заңдар қабылдайтын алқалы жиын болатын [3, 135].

Ғылыми әдебиеттерде құрылтайды «парламенттің ежелгі түрі» деп және қазақ қоғамындағы мүдделердің үйлестірілуін қамтамасыз еткен дала демократиясының «ерекше институты» ретінде қарастырылады. Кеңестік кезеңде парламентаризмнің болмауы себебінен дала демократиясы кезеңі Қазақстан Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін аяқталды. А.И.Левшинің пікірінше Қазақстанда ішкі және сыртқы саясаттың маңызды мәселелері, соның ішінде соғыс және бейбітшілік жариялау, жерлерді, шаруашылық аумақтарды бөлу және жалпы салықтың мөлшері мен төлеу мерзімін белгілеу екі рет шақырылған халық жиналысы – құрылтайға тиесілі болды [3, 136].

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде ескі түркі мемлекеттерінің құрылуы уақытанан бастап қызмет еткен Құрылтай кеңесші органының тәуелсіздігін алған түркі мемлекеттерінің (Қазақстан және Қырғазстан) билік құрылымында жанданып жалғасын табуы, олардың құқықтық күзіреті мен қызметі Қазақстан мен Қырғызстан тәжірбиесінде салыстырмалы талданады. Құрылтайдың ескі танымы – мемлекеттің маңызды мәселелерін талқылау үшін билеушінің (хан, қаған және т.б.) кеңесші органы, яғни Мәжіліс. Арада мыңжылдар өткенімен түркі тілдес мемлекеттер билігінде Құрылтай құрылымдық тұрғыдан өзгеріске ұшыраса да қызметіндегі мақсаты өзгермеді. Құрылтай құрамы – ескі түркі мемлекеттер билігі кезеңінде мемлекет халқын құрайтын ру/тайпа өкілдерінен тұрса, қазіргі Құрылтайдың құрамы да қоғамның түрлі топтары мен таптарының өкілдерінен құралады. Құрылтайда мемлекет үшін маңызды шешімдер қабылданатынын ескерсек, бұл шешімге халық атынан барлық өкілдерінің ой-пікірлерінің үлесі бар екендігін білдіреді. Құрылтайдың тарихтағы қызметінен демократиялық сипатта болды деп бағалауға болады. Зерттеуде саралаудың тарихи-салыстырмалы талдау, сыни әдістері қолданылды. Зерттеудің теориялық негізін мемлекет және құқық теориясы, салалық заң ғылымдары, саясаттану саласындағы отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектері құрайды.

Мемлекет билігінің дәстүрленуі – Құрылтайдың құрылуы *А. Қазақстан Республикасы: Ұлттық Қоғамдық Сенім Кеңесінен* *Ұлттық Құрылтайға*

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Ұлттық Құрылтайдың қызметі тарихи дәстүрдің

жалғасы ретінде маңызды бастама болып табылады. 2022 жылғы 14 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган – Ұлттық құрылтай құрылды [4]. Бұл орган 2019 жылғы 17 шілдеде құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қызметін ауыстырды [5]. Ұлттық құрылтайдың қызметі Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі секілді тек ережемен реттеледі. Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде танылған бұл екі органның айырмашылықтары тек атауында ғана емес олардың қызметінде де көрініс табады. Ұлттық Кеңесте әлеуметтік-экономикалық мәселелер, саяси реформа талқыланса, Ұлттық Құрылтай жалпыұлттық құндылықтар аясында қоғам бірлігінің мәселелерін талқылайтын платформа болып табылады. Ұлттық Құрылтайда қоғам қабатының түрлі өкілдері ел үшін маңызды мәселелерде өз ұсыныстарын ұсыну арқылы қоғам мен билік арасында диалог орнатады, бұл процесс демократияның дамуына ықпал етеді [6].

В. Кыргыз Республикасының Халық Құрылтайының қайта құрылуы

Қырғызстанда қоғамдық жиналыстарды – Құрылтайларды өткізу тәжірибесі 1994 жылдан бастау алады. 1994 жылы 22 қаңтарда өткен Қырғызстан халқының бірінші Құрылтайы, 1995 жылы желтоқсанда Қырғызстан халқының екінші Құрылтай жиыны өтті. 1996 жылы Қырғыз Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 қазандағы Жарлығымен бекітілген Ауылдық Құрылтай туралы Ережесі бекітілді [7, 50-51]. 1995–2011 жылдары Қырғызстан халқының жеті Құрылтайы өткенімен бұл кезеңдерде Құрылтайдың құқықтық мәртебесі белгісіз болды [8, 99-100].

2021 жылғы президенттік сайлаудан кейін жаңа президент С.Жапаров Халықтық Құрылтай өткізу идеясына қайта оралып, оны белгілі бір құқықтық мәртебесі бар конституциялық органға айналдыруды көздейді. 2022 жылы Президент жарлығымен заң қабылданғанға дейінгі кезеңде «Халық Құрылтайы туралы» уақытша Ереже бекітіліп, 2023 жылдың шілдесінде «Халық Құрылтайы туралы» Конституциялық заң қабылданды. «Халық Құрылтайы туралы» Конституциялық заңға сәйкес делегаттар саны 1074 делегаттан 700-ге дейін қысқартылды. Заңға сәйкес Халық Құрылтайы парламенттің бірқатар функцияларын алады: Құрылтайы заң шығарушылық бастама құқығын алады, Президентке үкімет мүшелерін және басқа да атқарушы органдардың басшыларын қызметінен босату туралы ұсыныс енгізу құзіретіне ие болады, осылайша Халық Құрылтайы қызметтері бойынша мемлекеттік органның белгілеріне ие болды [8, 101].

С. Ұлттық Құрылтай және Халық Құрылтайының қызметтеріне салыстармалы талдау

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтайы 2022 жылдың 14 маусымында Қазақстан Президентінің Жарлығымен құрылды. Ұлттық Құрылтайдың қызметі Ұлттық Құрылтай туралы Ережемен реттеледі [9].

Қазақстан Республикасының Ұлттық Құрылтайы – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қырғыз Республикасының Халық Құрылтайының құқықтық статусы 2021 жылдың 5 мамырында қабылданған Конституциясында [10], сондай-ақ 2023 жылғы 24 шілдедегі қабылданған Халық Құрылтайы туралы Қырғыз Республикасының Конституциялық Заңында нақтыланған [11]. Қырғыз Республикасының Конституциясының 7 - бабында Халық құрылтайының консультативтік, қадағалаушы қоғамдық-өкілді жиналыс ретінде әлеуметтік даму бағыттары бойынша ұсыныстар жасайтын орган ретінде танылады. Сондай-ақ, Конституцияның 70-бабында Президенттің өз бастамасы бойынша немесе Жоғарғы Кеңестің, Халық Құрылтайының ұсынысын ескере отырып, заң шеңберінде Министрлер Кабинетінің мүшелерін және басқа да атқарушы органдардың басшыларын қызметтен босататындығын, яғни Халық Құрылтайының құзіреті көрсетілген. Конституцияның 85-бабында болса Халық Құрылтайының заң шығару бастамасының құқығы бар екендігі белгіленген.

2023 жылғы 24 шілдедегі қабылданған Халық Құрылтайы туралы Қырғыз Республикасының Конституциялық Заңы Халық Құрылтайының құқықтық мәртебесін, оның қызметінің қағидаттарын, Халық Құрылтайына делегаттарды сайлау тәртібін айқындайды, сондай-ақ Халық Құрылтайын ұйымдастыру мәселелерін реттейді.

Қырғыз Республикасының Халық Құрылтайы – қоғам дамуының бағыттарын айқындау, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелерін шешу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаматтық қоғамды дамыту және рухани-идеологиялық мәселелер бойынша ұсыныстар беретін кеңесші, қадағалаушы, қоғамдық-өкілді жиналыс болып табылады. Халық Құрылтайы мемлекет пен қоғамды дамыту, ұлттық бірлікті және ұлтаралық татулықты сақтау, ұлтаралық келісімді сақтау, сондай-ақ Қырғыз Республикасының аумағындағы мемлекеттік мекемелермен, кәсіподақтармен, шығармашылық бірлестіктермен және басқа этностар өкілдерімен ынтымақтасады отырып отбасының, әйелдердің, балалардың, қарттардың, жастардың, еңбек мигранттарының мүдделерін қорғау мақсатында қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс атқарады [11].

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтайының қызметі – қоғамдық бірлікті дамыту жөніндегі идеялар мен қадамдарды тұжырымдауды, жалпыұлттық құндылықтарды нығайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу; халық пен мемлекет арасында диалог орнатуды мақсат етеді [9].

Қырғыз Республикасының Халық Құрылтайы туралы Конституциялық Заңына сәйкес Құрылтайда қаралатын мәселелер 5 бапта көрсетілген: «Референдумға шығарылатын мәселелер бойынша ұсыныстар; қоғам мен мемлекетті дамытуға бағытталған тұжырымдамаларға, бағдарламаларға, заң жобаларына ұсынымдар; елдің рухани-мәдени дамуы; Қырғыз Республикасы халқының дәстүрлері мен мұрасын сақтау; мемлекет пен діни конфессиялардың арақатынасы; Қырғыз Республикасындағы адам құқықтары мен бостандықтарының жағдайы; қоршаған ортаны сақтау және табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану; өңіраралық және ұлтаралық даулар мен жанжалдарды шешу және Қырғызстан халықтарының

тарихи, материалдық және рухани мұрасын сақтау және басқа да маңызды мәселелер». Осылайша Халық Құрылтайында қарастырылатын мәселелер конституциялық заңда нақты айқындалған.

Қырғызстанның Халық Құрылтайы туралы конституциялық заңына сәйкес Құрылтай мүшелері Қырғыз Республикасы Президентінің шешімімен аймақтық, салалық, этникалық, ұлттық және жас ерекшелігінің өкілдік принципі негізінде айқындалатын сайланбалы 700 өкілден тұрады (3-бап). Делегаттар сайлауын өткізу тәртібі Халық Құрылтайының консультативтік-кеңесші жұмыс органы болып табылатын сайланбалы 17 мүшеден тұратын (8-бап) Ұлттық Кеңес (2-бап) бекітетін ереже бойынша жүзеге асырылады. Халық Құрылтайына делегат бола алмайтындар осы заңның 3-бабында көрсетілген: мемлекеттік және муниципалдық қызметкерлер, Қырғыз Республикасы Жоғарғы Кеңесінің және жергілікті кеңестердің депутаттары; шетел азаматтары; әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдар; соттылығы бар адамдар және 21 жасқа толмаған тұлғалар. Ұлттық Кеңестің Төрағасы Халық Құрылтайының және Ұлттық Кеңестің атынан өкілдік етеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Құрылтайының құрамы белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, саяси партиялар, үкіметтік емес сектор, бизнес-қауымдастықтар, сарапшылар қоғамдастығы және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қоғамдық кеңестері өкілдерінен тұрады. Ұлттық құрылтайдың Төрағасы – Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Ұлттық құрылтайдың құрамы кезең-кезеңмен, ротация тәртібімен жаңартылып отырады. ҚР-ның Ұлттық құрылтайдың құрамы 117 адамнан тұрады [6].

Қырғыз Республикасының Президенті Ұлттық Кеңестің ұсынысы бойынша Халық Құрылтайы жиналысын өткізу уақыты мен орнын көрсетеді және жиын жылына бір рет өкізіледі. (11-бап) Бұл жиын нәтижесінде қабылданған қаулы Қырғыз Республикасының Президенті, Қырғыз Республикасының Жогорку Кеңесі, Қырғыз Республикасының Министрлер кабинеті, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және жергілікті мемлекеттік әкімшіліктер назарға алады. (12-бап)

Қазақстанда Ұлттық Құрылтайдың кезекті отырысының өтетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы Ұлттық құрылтайдың мүшелеріне хабарлауды, Ұлттық құрылтай қабылдаған ұсыны ұсыныстардың іске асырылу мониторингін жүзеге асырадуды Ұлттық құрылтайдың жұмыс органы атқарады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Құрылтайының жиынында қабылданған ұсыныстарды мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер оларды қарайды.

Ұлттық құрылтайдың қызметін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі қамтамасыз етсе, Халық Құрылтайының қызметін Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады.

Қырғыз Республикасының Халықтық Құрылтайдың өкілеттіктері аталған заңның 6-бабында нақтыланған:

➤ «заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асырады;

➤ Президенттің жолдауларын, Қырғыз Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төрағасының, Министрлер Кабинеті Төрағасының, Министрлер Кабинеті мүшелерінің, басқа да мемлекеттік органдар басшыларының өз қызметі туралы баяндамаларын тыңдайды;

➤ Қырғыз Республикасы Президентінің, Жоғарғы Кенеш Төрағасының, Министрлер Кабинетінің ұсынуы бойынша мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар басқа да маңызды мәселелерді талқылайды және олар бойынша өз ұсыныстарын енгізеді;

➤ Қырғыз Республикасының Әділет жөніндегі кеңесіне өз өкілін сайлайды;

➤ Қырғыз Республикасының Президентіне Қырғыз Республикасы Министрлер Кабинетінің мүшелерін және басқа да атқарушы органдардың басшыларын қызметінен босату туралы ұсыныс енгізеді».

Көріп отырғанымыздай, Қырғыз Республикасының Халық Құрылтайының қызметі мен құқықтық құзіреті Қырғыз Республикасының Конституция мен Халық Құрылтайы туралы конституциялық заңмен нақтыланса, Қазақстанның Ұлттық Құрылтайы қызметі және құқықтық құзыреттері арнайы заңмен емес, Ұлттық Құрылтай туралы Ережесімен реттеледі. Айта кететін жайт, аталған Ережеде Қазақстан Республикасының Ұлттық Құрылтайының қызметі осы Ережемен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, өзге де нормативтік құқықтық актілермен де реттелетіні көрсетілген.

Қорытынды

Құрылтай – тарихта түркі мемлекеттерінде алқалық сипаттағы мемлекеттік институт ретінде түрлі формада болғанымен, мақсаты мен мазмұны тұрғысынан ұқсас болды. Қазіргі заманғы түркі тілдес мемлекеттерде Құрылтайдың құрылу құбылысын саяси процесті қайта традиционализациялау/дәстүрлендіру процесі ретінде санайтын пікірлер бар.

Президент жанындағы кеңестік орган ретінде құрылған Құрылтайдың қызметі туралы пікірлер екі ұшты. Халықтың түрлі әлеуметтік топ өкілдерінен құралған бұндай Кеңестің (Мәжіліс немесе Жиын), яғни Құрылтайдың құрылуы қоғамды демократияландыру болса, екінші топтағы көзқарастар президент мәртебесін нығайтудың бір жолы дегенге сүйенеді. Құрылтайдың құрылуы немесе жиыны президенттік сайлау қарсаңында немесе төңкерістерден кейін жүзеге асатынына назар аударатын болса, Құрылтайдың мақсаты президенттік билікті заңдастыру институты, яғни «келісуші» орган ретіндегі рөлін сипаттайды [8, 102].

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің пікірінше, Ұлттық құрылтай – қоғамның өзекті мәселелерін талқылайтын және жүйелі жұмыс жасайтын үлкен бір құрылым деп есептейді [12]. Қырғызстандық ғалым Табылды Акерев болса, Құрылтай өзегін тапса, демократиялық азаматтық қоғамының айнасына айналуы мүмкін, дегенмен Құрылтай институты елдің саяси немесе қоғамдық өмірінде толыққанды орын тауып, оның реформалануына, жаңаруына, ілгерілеуіне ықпал ететін қоғамдық институт ретінде әлі қалыптаса қоймаған деп санайды [13].

Мақаламызда екі мемлекеттің – Қазақстан мен Қырғызстанда құрылған Құрылтай қызметіне, мақсаттары мен міндеттеріне, құқықтық статсуына, құрамы мен мүше санына байланысты салыстырмалы талдау жасалынды. Қорытындылай келе, Қазақстан жағдайында Ұлттық Құрылтайдың қызметі арнайы заңмен емес, тек Ережемен реттелетіндіктен аталған органның қызметі құқықтық тұрғыдан

нақтыланбаған. Ұлттық Құрылтай жиынынан кейін БАҚ-тарда «Ұлттық Құрылтайдың бастамасымен 9 заң қабылданғандығы» [12] туралы мәліметтердің құқықтық тұрғыдан Ұлттық Құрылтайдың заң шығарушы бастамаға ие орган ретінде ешбір құқықтық құжаттарда нақтыланбағандығы ескерілмеген. Ал, Қырғыз Республикасының Халық Құрылтайының құқықтық статусы Қырғыз Республикасының Конституциясында және Қырғыз Республикасының Халық Құрылтайы туралы конституциялық заңмен нақтыланып белгіленген. Бұдан түйіндей келе, Қазақстан Республикасының Ұлттық Құрылтайының қызметі заңмен нақтылану қажеттілігі ескерілген жағдайда ғана аталған орган қоғамды дамыту мақсатындағы қызметін толық атқара алатын еді деген көзқарастамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Uygarlık Tarihi, ed. Taciser Sivas, Anadolu Universitesi, 4. Baskı, Eskisehir, Subat 2015.
- 2 Aybars Pamir, Eski Orta Asya Turk Devletlerinde Törenin Oluşmasında Kurultayların Rolü, Çukurova Universitesi Hukuk Fakultesi Dergisi, S. 3, Y. 2015, s. 366.
- 3 Төлеубеков А.Т., Основные этапы становления казахстанского парламентаризма, сто. 134-139
- 4 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайды құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 930 Жарлығы, <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kuryltaydy-kuru-zhane-kazakstan-respublikasy-prezidentinin-keybir-zharlyktarynyn-kushi-zhooyldy-dep-tanu-turaly-145458>
- 5 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің ережесін және құрамын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 шілдедегі № 63 Жарлығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U190000063U>
- 6 Шадияр Өстемир, Ұлттық Құрылтай туралы не білеміз, <https://kz.kursiv.media/kk/2025-03-03/shdr-ulttyq-quryltaj-turaly-ne-bilemiz/>
- 7 Бакиров А. Ж., Правовое положение института курултая в Кыргызской Республике, Legal Sciences, стр. 49-52.
- 8 Борисов Н.А., Надпарламентские представительные органы власти в постсоветской Евразии: новые полномочия «старых» институтов, Political Science, 2024, N 3, стр. 87- 113.
- 9 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтай туралы Ереже, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 930 Жарлығымен бекітілген, <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kuryltaydy-kuru-zhane-kazakstan-respublikasy-prezidentinin-keybir-zharlyktarynyn-kushi-zhooyldy-dep-tanu-turaly-145458>
- 10 Конституция Кыргызской Республики (Введена в действие Законом Кыргызской Республики от 5 мая 2021 года), Принята референдумом (всенародным голосованием) 11 апреля 2021 года, <https://cbd.minjust.gov.kg/112213/edition/1202952/ru>
- 11 Конституционный Закон Кыргызской Республики О Народном Курултае, от 24 июля 2023 года № 146, <https://cbd.minjust.gov.kg/112626/edition/1275854/ru>
- 12 Ұлттық Құрылтайдың бастамасымен 9 заң қабылданды, <https://qazaqstan.tv/news/204316/>
- 13 Курултай өзөгүн тапса кыргыз коомунун күзгүсү боло алат, <https://erkin-too.kg/etnologiya-institutunun-direktoru-taryh-ilimderinin-kandidaty-tabyldy-akerov-kurultaj-%D3%A9%D3%A9%D2%AFn-tapsa-kyrgyz-koomunun-k%D2%AFzg%D2%AF%D2%AF-bolo-alat/>

Transliteration

1 Uygarlık Tarihi [History of Civilization], ed. Taciser Sivas, Anadolu Universitesi, 4. Baskı, Eskisehir, Subat 2015.

2 Aybars Pamir, Eski Orta Asya Turk Devletlerinde Turenin Olusmasında Kurultayların Rolu [The Role of Congresses in the Formation of Rituals in the Ancient Central Asian Turkish States], Cukurova Universitesi Hukuk Fakultesi Dergisi, S. 3, Y. 2015, s. 366.

3 Toleubekov A.T., Osnovnie etapy stanovleniya kazahstanskogo parlamentarizma [The main stages of the formation of Kazakhstani parliamentarism], sto. 134-139.

4 Qazaqstan Respublikası Prezidentinin janındaǵı Ultıq qurultaydı quru turalı Qazaqstan Respublikası Prezidentinin 2022 jılǵı 14 mausındaǵı № 930 Jarlıǵı [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 930 of June 14, 2022 on the establishment of the National Congress under the President of the Republic of Kazakhstan], <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kuryltaydy-kuru-zhane-kazakstan-respublikasy-prezidentinin-keybir-zharlyktarynyn-kushi-zhoyyldy-dep-tanu-turaly-145458>

5 Qazaqstan Respublikası Prezidentinin janındaǵı Ultıq qogamdıq senim kenesinin erejesin jane quramın bekıtu turalı Qazaqstan Respublikası Prezidentinin 2019 jılǵı 17 shildedegi № 63 Jarlıǵı [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 63 of July 17, 2019 on approving the regulations and composition of the National Council of Public Trust under the President of the Republic of Kazakhstan], <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U190000063U>

6 Sadiyar Ustemir, Ultıq qurultay turalı ne bilemiz, <https://kz.kursiv.media/kk/2025-03-03/shdr-ulttyq-quryltaj-turaly-ne-bilemiz/> [What do we know about the National Congress]

7 Bakirov A. J., Pravovoe polojenie instituta kurultaya v Kirgizskoy Respublike [Legal status of the Kurultai institute in the Kyrgyz Republic], Legal Sciences, str. 49-52.

8 Borisov N.A., Nadparlamentskie predstavitelnie organı vlasti v postsovetskoy Evrazii: novıe polnomochiya «starıh» institutov, Political Science [Supra-parliamentary representative bodies of power in post-Soviet Eurasia: new powers of “old” institutions], 2024, n 3, str. 87-113.

9 Qazaqstan Respublikası Prezidentinin janındaǵı Ultıq Qurultay turalı Ereje, Qazaqstan Respublikası Prezidentinin 2022 jılǵı 14 mausındaǵı № 930 Jarlıǵımen bekitilgen [Regulations on the National Congress under the President of the Republic of Kazakhstan, approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 930 dated June 14, 2022], <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kuryltaydy-kuru-zhane-kazakstan-respublikasy-prezidentinin-keybir-zharlyktarynyn-kushi-zhoyyldy-dep-tanu-turaly-145458>

10 Konstituciya Kirgizskoy Respubliki (Vvedena v deystvie Zakonom Kirgizskoy Respubliki ot 5 maya 2021 goda), Prinyata referendumom (vsenarodnım golosovaniem) 11 aprelya 2021 goda [Constitution of the Kyrgyz Republic (Enacted by the Law of the Kyrgyz Republic of May 5, 2021), Adopted by referendum (popular vote) on April 11, 2021], <https://cbd.minjust.gov.kg/112213/edition/1202952/ru>

11 Konstitucionnyy Zakon Kirgizskoy Respubliki O Narodnom Kurultae, ot 24 iyulya 2023 goda № 146 [Constitutional Law of the Kyrgyz Republic On the People's Kurultai, dated July 24, 2023 No. 146], <https://cbd.minjust.gov.kg/112626/edition/1275854/ru>

12 Ultıq Qurultaydın bastamasımen 9 zan qabıldandı [9 laws were adopted at the initiative of the National Congress], <https://qazaqstan.tv/news/204316/>

13 Kurultay uzugun tapsa kirgiz koomunun kuzgusu bolo alat [If the congress finds its core, it can become a mirror of Kyrgyz society], <https://erkin-too.kg/etnologiya-institutunun-direktoru-taryh-ilminderinin-kandidaty-tabylady-akerov-kurultaj-%D3%A9z%D3%A9g%D2%AFn-tapsa-kyrgyz-koomunun-k%D2%AFzg%D2%AFs%D2%AF-bolo-alat/>

Issayeva M.I, Buluktaev Y. O., Chermukhambetov E. N., Assilov N.T.

**National Kurultay – as a continuation of the tradition of ancient turkish authority
(comparative analysis of the experiences of Kazakhstan and Kyrgyzstan)**

Abstract. Kurultai is a state institution that has been a manifestation of democracy for many centuries, allowing for effective collective decision-making. Kurultai was a council in the history of the ancient Turkic states that considered important issues of national life. Originating from the Hunnic era, this assembly served for centuries as a gathering of nobles summoned by the rulers of the Turkic-speaking states to resolve important issues in the country.

Our article tells about the modern activities of the Kurultai as a continuation of the ancient Turkic tradition of power. The republics that gained independence from the Soviet Union began to carry out various reforms in the direction of forming statehood. One of the main directions of these reforms was the revival of old values, and the creation of the Kurultai is a manifestation of the continuation of the traditions of the old Turkic states in the power of the country. The article provides a comparative analysis of the legal status, composition and functions of the National Kurultai of the Republic of Kazakhstan and the People's Kurultai of the Kyrgyz Republic.

Keywords: Kurultai, National Kurultai, People's Kurultai, Republic of Kazakhstan, Kyrgyz Republic, Law, Regulation.

Исаева М.И., Булуктаев Ю.О., Чермухамбетов Е.Н., Асиров Н.Т.

**Национальный Курултай – как продолжение традиции древнетюркской
власти (сравнительный анализ опыта Казахстана и Кыргызстана)**

Аннотация. Курултай – государственный институт, на протяжении многих веков являющийся проявлением демократии, позволяющим эффективно принимать коллективные решения. Курултай был советом в истории древнетюркских государств, рассматривавшим важные вопросы жизни народа. Возникнув ещё в эпоху гуннов, это собрание на протяжении веков служило собранием знати, созываемой правителями тюркоязычных государств для решения важных вопросов в стране.

В нашей статье рассказывается о современной деятельности Курултая как продолжении древней тюркской традиции власти. Республики, обретшие независимость от Советского Союза, начали проводить различные реформы в направлении становления государственности. Одним из основных направлений этих реформ стало возрождение старых ценностей, а создание Курултая – проявление продолжения традиций древнетюркских государств в управлении страной. В статье дан сравнительный анализ правового статуса, состава и функций Национального Курултая Республики Казахстан и Народного Курултая Киргизской Республики.

Ключевые слова: Курултай, Национальный Курултай, Народный Курултай, Республика Казахстан, Кыргызская Республика, Закон, Положение.

Келін түсті 19.07.2025

Қабылданды 01.09.2025